

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына норма шығару қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы Заңын іске асыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 22 қарашадағы N 327-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына норма шығару қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі:

1) Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) Тізбеге сәйкес бұйрық қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 22 қарашадағы
N 327 - ө өкімімен

бекітілген

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына норма шығару қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің

тізбесі

P/c N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Орындалу мерзімі	Орындауға жауапты мемлекеттік орган
1.	Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы	Қазақстан Республикасы	2 0 0 5 ж ы л ғ ы желтоқсан	Қазақстан Республикасы

	N 3379 Жарлығы заң күші жойылды деп тану туралы	Президентінің Жарлығы		Әділет министрлігі
2.	Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің эталондық бақылау банкінің енгізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы желтоқсан	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы желтоқсан	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
4.	"Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ресми мәтіндерін кейіннен жариялауға сараптама жүргізу және құқық беру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 22 қазандағы N 155 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы желтоқсан	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі